

Нурлыбек САМАТУЛЫ,

жазушы, «Тан-Шолпан» әдеби-көркем,

көпшілік журналының бас редакторы



Сонгы жылдары желтоқсан туса болды бір қызык жагдай басталатын болып жүр.
Бундай қызыкты мен бұрын-сонды көрмеппін.

Кайда карасан да, кайда барсан да марапатка мелдекте-гендерден аяк алып жүре алмайтын бір жагдай-. Орден, медаль, тосбелгі, «Күрмет грамо-тасы», «Алгыс хат», «Мактау кагаз»... Козін сүрініп, басын айналады.

Жо-жок, оллани-биллани, марапат иелеріне еш кызганышым жок. Ондай әсіре марапатка кызык-паймын да. Марапат алып жаткандардын ішінде осы марапатка лайыктылар, соз жок, баршылык. Күтты болсын деп коялык. Бірақ сол лайыктылар лайыкты еместермен косакталып кетіп жатканы обал.

Екінші бір ойлағаным, сол марапаттардын мән-магынасы шалдын ұрығындай сүйылып бара жатканы-. Бірақ о жагына бас катырып жатқан адам аз сиякты. Егер бас катырса, әлеуметтік желілерде оздерін оздері корсетіп, жалаулатып жарнамаламас еді гой. Жо-ок, олай емес, тіпті, алгыс хат алганын тойлап, жарияга жар салып жаткандар коп. Мысалы мына біреуі «Шырша- мерекесін откізуге ерекше үлес косқан» деген- алгыс хат алыпты. Ал ендеше!

Халыкаралык марапат (сыйлык емес, жай катырм-а кагаз) алып жаткандар туралы айтпай-ак кояйын. Олар – ыргын.

Былыр мен танитын бір апай мектепт-ен зейнет демалысына шыкты. Обалы не керек, мектебі салтанатты жагдай-да шыгарып салган. Онын алдында- аудандык оку болімі тарапынан «Ыбырай Алтынсарин медалі келіп түр, аласын ба, акша түрады» деген ұсыныс- айтыпты. Ұмытпасам багасы жүз мын тенгенін айналасы. Анау апай да «маладес» екен, «акшага сататын медалі-н озіне» депті. Мектеп демекші, казір окушыларга да жаппай мактау кагазын беретін болыпты. Мактау кагаз алмай калган окушы болмайды екен. Жаксы окитындар кызыл кагаз, нашар окитындарга кок кагаз. Айырмашылык сол гана. Тегін емес, оган да толейсін.

«Күрметті күда», «Кадірлі күдаги», «Ардакты ана», «Багалы балдыз», «Кылыкты карындас»... Күдай сактасын, осындай ордендер жасап сататын мекеме бар деп естимін. Бул енді баска- әнгіме.

Ал оз басым марапат дегенді естісем, біртүрлі тітіркеніп кетемін. Ойткені студент-кезімде алған бір марапа-тым өмір бойы естен шыкпастай болған. Тіпті, сол марапат жалпы марапатка деген- жекқорүшілік сезімін тудыр-ып кеткені. Содан бері пайдасыз марапаттан аулақ жүргенді тәуір санаймын.

1989 жылдын күзі еді. Қыркүйек басталысымен біз-дін «Филология» факультетінің студенттерін картоп жинауға жіберген. Қызыл-орда облысының Шиелі ауданына. Барған жеріміз – Сырдарияның арғы беті. Күмнің арасы. Жатқан жеріміз палатка. Монша- жоқ. Кәдімгі картоп жинау ғой. Қара жұмыс. Күн ыстық. Шан. Тер. Солай сілелеумен ай өтті. Қайтар кезде ауыл басшылығы келіп, ашық аспан астында жиналыс өткізген. Жаксы жұмыс істегендер деп, кейбіреуімізге 5-10 сомнан премия да бере бастады. Күдай ұрып, одан мен де дәмелене қалайын. 5-10 сом алсам, картоптан күтылғанымды жаксылап жумакпын. Бар арман-ым осы ғана. Бір нәрсені қатты тілесен, қатты армандасан орындалады дейді ғой, бір кезде менін де аты-жөнімді атағаны. Қуанып кетіп, ортаға атып шықтым. Совхоздың деректірі ме, парторы ма, Күдай білсін, сондай бір адам менін қолымды қысып тұрып, мақтауын келістіріп, қолыма бір бет қатты қағаз ұстатқаны. «Алғыс хат» екен. Картопты жаксы терген, басқаларға үлгі болған деген. Картопты жаксы терген едім деп кімге мақтанғандайсын. Ауылда- бір ағай бар еді, жолап кетсең мақтап-мақтап жұмысқа салып қоятын. Мынау да соның кері. Картоп жинаудан күтыл-ғанымды жуам деген төп-тәуір жоспарым күйреп тұссін. Басқалар 5-10 сом ақша алып, алақандарына қарға тышып жатқанда, мені олардан кемсітіп қылаудай пайдасы жоқ қағаз ұстатқанына күйіп кетейін. Сол арада өлдекандай қылып беріп тұрған алғыс хатын қак айырып, жыртып-жыртып лақтырып жіберіппін. Қаным басыма төуіп, бұл ісімнің сөл ынғайсыз болғанын сол арада- байқасамшы.

Содан бері марапат дегенді естісем, аза бойым қаза боп тұрады. Қазір де өлеуметтік желілерді қарап сондай күй кешіп отырғаным.

2005 жыл еді. Жаз. «Ана тілі» газетінен кезекті енбек демалысымды алған-мын. Алматыға келгенде сатып алған ескі үйімнің жанынан құрылысшылар жанадан- үй тұрғызып жатқан. Құрылысшылардың қасында жұрмесен бол-майды. Бір күні жөнімді түрініп жіберіп, жұмысқа өзім де кірісіп кеткенім ғой. Дәл сол кезде үйге «Ана тілінен» телефон соға қалғаны. Сүйкімсіздеу бір қыз бар еді. Бухгалтерия жағында. Сол.

– Омірбаяныңызды алып, тез же-тініз! - дейді.

– Ау, не боп қалды?

– Не қыласыз тергеп, әкел деді ме, әкелініз!

– Айта салайын, жазып ала қойшы. Қоп емес, азгантай ғой.

– Ту-у, біреудің айтқанын жазып тұратын мені кім деп тұрсыз. Бастық айтты бітті, тез әкелуіңіз керек!

Дінкілдеп тұр. Мәссаған, мына қыздың қылғанын-ай! Қолыма бір тұсерсін бәлем... жүз грамм ішкен бір күні.

– Бастыққа айта бар онда, бүгін бара алмаймын!

Ертеніне жуынып-шайынып жеттім. Омірбаянды алып. Сойтсем, медальға ұсынылған екенмін, не пайда содан кеш қалыппын. Мәдениетке енбек сіңірген дей ме, қайраткер дей ме, әйтеуір сондай- бір медаль екен. Медаль ойлап жатуға мұрша қайда, «олай болса...» деп, табанымды тез жалтыраттым. Базарға баруым- керек, тактай әкелуім керек, шеге жеткізуім керек...

Сол медальга газеттегі жасы үлкен ағамыз, журналист Сабыржан Шүкір-ұлы мен тілші Салтанат Отеугалиева да ұсынылған екен. Олар алды. Шын көңілден күтты болсын айттық. Медаль қолға тиген соң, Сабыржан ағай мен Салтанат ұжымды тау бөктеріндегі Бутақовқа жаққа апарып, айда, жуыс басталды. «Әй, өзім де онбаймын, анада қырсығып қалмай, өмірбаянды жеткізіп бере қойғанда ғой, мен де мәдениетке еңбек сіңірген қайраткер боп шыға келетін едім. Мәдениетке еңбек сіңіру деген картоп жинау емес қой» деп, көңілімде аздаған қызығушылық пайда болғанын қалай жасырайын?!

Сонымен кешке дейін жақсы жуыс жасап, қалаға қайттық. Медалист Сабыржан ағай өдеттегідей менің машинамада. Қалаға қарай күлділап келе жатырмыз. Сабыржан ағайдан сұраймын ғой:

– Осы медальдің қандай пайдасы бар, айлық қобейе ме, болмаса әлдебір жеңілдігі бар ма, автобуска тегін жүргізе ме дегендей, - деп.

– Тағып алып қокырайып жүресін, бары сол. Басқа пайдасы жоқ. Пайдасын айтасын, Салтанат екеуіміз жуып, қып-қызыл шығынға батып келе жатқан жоқпыз ба, - дейді лекіте күліп. Оның осы сөзінен соң, бұның алдында ояна қалған аздаған қызығушылығымнан жүкәна да қалмады.

«Е-е, - дей беріппін, – е-е деген күстын ұясы деніз!»

Қай жыл екені дәл есімде жоқ, сол айта беретін мәдениетке байланысты медальді бір заманда маған да бергені. Беріп тұрғасын аласын ғой. Бірақ жүрт сияқты жұмадым.

Дабыра кылып айтпадым да. Үйге әкеліп, бір сәт үніліп карап отырдым. «Осыны жасауға канша қаржы кетті екен?» деп ойладым.

Жылуың жоқ бойының,

Жылмиганың неткені? - деп баста-латын Абай Құнанбайұлының олені ойыма- орала берді.

Содан кейін ол медаль туралы ұмытып та кеткен екем...

...Сәрсенбек атты аққоніл ағам бар еді, «Алматықалақұрылыс» мекемесінде бригадир болып табан аудармай пәлен жыл жұмыс істеген құрылысшы. Ақын Гауһар Қожахметованың клас-тасы. Бір күні сол Сәрсенбек телефон соқсын. Қуанып тұр.

– Құрметті құрылысшы деген медальмен марапатталдым, - дейді.

– Е-е, құтты болсын, сен құрметті құрылысшы болмағанда, кім құрметті құрылысшы болмақ, осы Алматының жартысын сен салған шығарсын, - деп, қолпаштап жатырмын. Сол кезде баяғы медалім сап етіп, есіме түсе кеткені. «Осылай да, осылай, сондай бір медалім бар еді, соны бердім саған, бір медалін екеу болсын» дедім қызды-қыздымен.

Қол ұзамай Сәрсенбек ағам мен Жәния жөнгерем той жасады. Той үстінде сөз сойлеп, әлгі медальді кеудесіне қадап бердім. Сәкем мәз.

...Ал енді желтоқсан сайын бір толаста-май жауатын да жататын мара-пат-тын түрі жаман. Бұл билік ісі қазақ жақсы-жайсанының тілін осы мара-патпен мықтап тұрып буып жатқан сияқты.-

Алматы қаласы.